

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Елбасының ел білмейтін қырлары

Көпшілік біле бермейтін бір шындық бар, ол – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бала кезден-ақ ауылдастарын дарындылығымен таңғалдырғандығы. Осы себепті де ойлау жүйесінің жүйріктігі, зеректігі, алғырлығы және батылдығы, сезімталдығы, тағы басқа табиғи қырларымен танылған Нұрсұлтаннан келешекте ұлтын сүйетін кемел азамат боп шығатындығына жерлестері шек келтірмейті.

«Менің Днепродзержинск училищесінде бір жарым жылдың ішінде алған білімімді, – деп жазды Елбасы «Әділеттің ақ жолы» атты кітабында, – ешбір жоғары оқу орны беретін біліммен салыстыруға келмейді. Қалай болғанда да, кейінірек институтта металлургия ғылымын тереңірек меңгерген кезде маған бәрі дерлік анық болды. Ал мұның үстіне алынған практикалық дағдыларымды қосатын болсам, онда ол туралы бірдеңе айту қиын».

Осы сөздерде ақиқат жатыр. Өйткені, Нұрағаның замандастарының көпшілігі он жылдық, тіпті үш кластық біліммен елді мекендерді, аудандарды, ірі ұжымдарды басқарғандар. Осыған қарап, Алла тағала әрбір кісіге сана мен ақыл-ойды, кеменгерлікті туа бітті сыйлайды-ау деген пікірге еріксіз иланатын сияқтысың.

Алысқа бармай-ақ, бас кейіпкеріміздің әке-шешесін мысалға келтірер болсақ, жоғарыдағы пікіріміздің дұрыстығын дәлелдер едік. Әкесі Әбіш те, анасы Әлжан да көзі ашық, санасы ояу, өнерлі, ата салтын қастер тұтқан, өз ұлты үшін еш жақсылығын аямаған жандар болды.

Металлургтердің КСРО ыдырағанға дейін жалақысы қомақты болып келгендігі жасырын факт емес. «Менің айлығым 400 рубль еді, яғни обкомның жалақысына тең деген сөз, соның жартысын әкеме салып тұрдым. Сөйтсем, қайран қартым ауылдағы тұрмысы ауыр отбасыларына таратып беріп отырыпты ғой», – деп есіне алады кейіннен Н.Назарбаев.

Тағы бір бұлтартпас шындық сол, оның металлург болмаған күннің өзінде танымал адам атанатындығы еді. Дәлелдеп көрелік.

Біріншіден, Нұрағадан талантты журналист шығар еді. Ол сонау 1958 жылы, мектеп қабырғасында жүргенде аудандық «Коммунизм үшін» газетінде өзінің қаламгерлік дарынын танытқан. Оқушы Нұрсұлтанның «Оның қуанышы» атты шағын мақаласын оқып көрелік: «Абай атындағы қазақ орта мектебінің оқушысы Әжібаев Әуесхан биыл алғаш рет сайлауға қатысты. Енді ол жас азамат.

– Бұл күннің қуанышын ешқашан ұмыта алмаймын, – дейді ол.

Әуесхан қазір 10-класта оқиды. Оның туғандары «1-май» совхозының 1-учаскесінде тұрады. Әкесі пенсионер. Ол менің 1-кластан бастап бірге оқитын кластас досым. Осы бірнеше жылдың ішінде Әуесхан сабақтан қалған емес. Өруақытта кластағы зерек, жақсы оқитын оқушылардың қатарында келеді. Қоғам жұмысын да белсене әрқашан мұқият орындайды.

Әуесханның қарт әкесі өзінің жасына қарамай, колхоз шаруашылығына белсенді араласады. Мен бір барғанымда ол кісі: «Елдің бәрі еңбек етіп жатқанда, мен қалай қарап отырамын?» – деді. Қарт әкенің еңбекке деген сүйіспеншілігі Әуесханның да бойына сіңген шынайы сезімдердің бірі. Жазғы демалыс басталысымен Әуесхан әкесіне көмектесуге колхозға жұмысқа кіретін. Тұрған комбайн, тракторларды көрсе болды-ақ: «Шіркін, мен солардың тілін білсемші», – дейді құмарта.

Осы сүйіспеншілік қазір Әуесханның келешегіне жол көрсеткен сияқты. Оның арманы – маман механизатордың бірі болып, өз колхозында жұмыс істеу.

Міне, Әуесхан 16 мартта – СССР Жоғарғы Советінің сайлауына толық праволы совет азаматы болып қатысты. Кластас достың бұл қуанышы бәрімізге де ортақ». Н.Назарбаев, 10-класс оқушысы, «Коммунизм үшін» газеті. 19 наурыз, 1958 жыл.

50-жылдардың ортасында Қытай Халық Республикасы Сычуань провинциясы Цзыаун қаласындағы №5 орта мектептің оқытушысы Чжоу Бай-Сяо БЛКЖО Орталық комитетіне хат жазып, советтік бір жас азаматпен таныстыруды өтінген. Бұл хат және оның суреттері Қаскелеңдегі Абай атындағы орта мектептің оқушысы Нұрсұлтан Назарбаевқа тапсырылады. Алайда, болашақ Елбасының өзі жауап хатында жазғанындай, қытай тілін білетін кісіні табу қиын еді. Аудандық газеттің редакторы Үсенбай Тастанбеков қытайша жазылған хатты қолына ұстап, Алматыдағы республикалық газеттерді аралап, ақырында аудармашы тауыпты (Мақалада қытайлық мұғалім жігіттің танысу хаты мен 10-класта оқитын қазақ оқушысының қытай жігітіне жолдаған хатының аудандық «Коммунизм үшін» газетінде басылған нұсқасын назарларыңызға ұсынып отырмыз – ред.).

Елбасының мектеп кезіндегі заметкаларынан басталған шеберлігі кейін «Лениншіл жас», «Орталық Қазақстан», «Социалистік Қазақстан» газеттеріндегі көлемді мақалаларына ұласты. Коммунистік партия кезінде бір жақсысы, мейлі өндіріс басшысы болсын, мейлі парторг болсын, газетке берілетін мақаланы өз қолымен жазатын. Бір қиыны, Қарағанды мен Теміртау басшыларының көбі ана тілімізге шорқақ болатын. Бұл тұрасында Нұраға журналистердің жүгін жеңілдетті.

Бір мысал. 1971 жылдың 9 шілдесінде Теміртау қалалық партия комитетінің екінші хатшысы болып тұрғанда «Лениншіл жас» газетінде «Құрыш қалай шынықты?» атты мақаласы жарық көреді. Автор 1959 жылы Теміртауға 20 мыңның үстінде жас жиналғанын, оның 1016-сы Болгариядан, қалғандары Мәскеу, Ленинград, Украина мен Белоруссиядан екендігін айта келе, Социалистік Еңбек Ері Үкен Тұрмағамбетов, бірінші горновой Төлеген Адам-Юсупов, Саясат Қабдолов, Төлеубек Хамзин, Владимир Федорович Колбаса, т.б. есімдерін атайды. Комбинаттағы 179 бригаданың «Коммунистік еңбек жеңімпазы» атанғанын мақтаныш тұтады.

«Еңбек жетістігін сөз еткенде, – деп жазады екінші хатшы, – конвертор цехындағы А.Бедуренко сменасы, 1-ші домна цехындағы В.Колбаса бригадасы, шойын қорытушы Т.Адам-Юсупов, КПСС XXIV съезінің делегаты, «1700» стан цехының машинисі

В.Сусенко, қысым цехының аға операторы А.Алғазин, т.б. еңбек ардагерлерінің еңбегін ерекше атаған жөн».

«Бүгін байқап отырсам, сол алыппен өздері де бірге есейіпті. Мәселен, менімен бірге келген Төлеубек Хамзин «СССР-дің құрметті металлургі», омырауында Еңбек Қызыл Ту ордені жарқырайды. Саясат Қабдолов аға диспетчер, Төлеген Адам-Юсупов болса бірінші горновой», – деп аяқтапты мақаласын Н.Назарбаев.

Екіншіден, біздің бас кейіпкеріміз атақты ғалым боларына еш шек келтірмейміз. Өйткені, ол ділмар, ол шешен, ой-өрісі кең, жады компьютер тектес, энциклопедист адам. 50-60 жыл бұрынғы оқиғаны, айтылған сөзді ешқашан ұмытпайды. Мұндай адамдар алғыр, зерек, ақылды болып келеді.

Үшіншіден, Нұраған кезкелген мамандықты игеріп кететін қасиетке бөленген жан. Егер де әкесі ұлының Киев азаматтық авиация институтына баруына қарсы болмағанда, атақты ұшқыш, тіпті ғарышкер болары дау туғызбас еді. С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің химия факультетіне қабылданған сәтте КСРО үкіметі ауылда оқығандарға кемінде екі жыл еңбек өтілі керек деп қаулы шығармағанда, сөз жоқ, әлемге танымал ғалым болар ма еді.

Нұрағаның Қарағандыға соққан сайын атақты академик, химик, «Арглабин» дәрісін ойлап тапқан ғалым, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Серғазы Әдекеновке жолығып, оны мұқият тыңдап, керек-жарағына көмектесіп, ақырында қолға алған жаңалығын іске асыруына жол ашып жүргендігі де тегін емес сияқты. Көңіл түкпірінде химия ғылымына, оның құпия сырларына деген құштарлық сезімі жатқан ба дерсіз. Тоқ етері, өзі химик болмаса да, Серғазыны қолдап, қазақ ғылымындағы жетістікті әлемдік деңгейге көтерісті.

Елбасының ел білмейтін қырлары міне, жоғарыдағыдай дер едік.

Айтбай СӘУЛЕБЕК